

"Лейшманиоздың алдын алу жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (алдын-алу) іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2007 жылғы 16 қарашадағы N 671 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 3 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5023 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 6-тармақшасына, 7-1 бабының 4-тармақшасына және 24-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Лейшманиоздың алдын алу жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (алдын-алу) іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары:

1) медицина ұйымдарынан лейшманиозбен ауыратындарды уақтылы тіркеуді, есепке алушы, диагностикалауды, емдеуге жатқызуды, емдеуді, емделіп шыққан адамдарды диспансерлеуді және лейшманиоз ауруымен ауырған жағдайда жедел х а б р а у д ы т а л а п е т с і н ;

2) лейшманиоз мәселелері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық және дерматовенерологиялық қызмет мамандарының қатысуымен медициналық кадрларды жүйелі түрде даярлау жүргізсін;

3) лейшманиоз бойынша эндемиялық аумақта баратын азаматтарға жеке басының профилактикасы шаралары туралы консультация көрсетсін;

3. Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстары денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары:

1) лейшманиоздарды емдеу үшін дәрілік препараттарының таусылмас қорын к ұ р с ы н ;

2) лейшманиозбен ауыратындарды ерте белсенді анықтауды қамтамасыз етсін

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, көліктегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттерінің (басқармаларының) басшылары:

1) лейшманиоздармен күресу және алдын алу санитарлық-індекте қарсы іс-шараларының орындалуын бакылауды күшайтсін;

2) өзінің қызметіне байланысты лейшманиоздың табиғи ошақтарында тұрған үйымдарды есепке алуды, оларға аумақтың қауіптілігі туралы хабарлауды және жеке басының профилактикасы шарапарын үйретуді қамтамасыз етсін;

3) лейшманиоздың алдын алу бойынша халық арасында жүйелі түрде санитарлық-ағарту жұмысы жүргісін.

5. Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттерінің (басқармаларының) басшылары:

1) халықтың арасында лейшманиозбен сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған алдын-алу іс-шараларының кешенді жоспарын әзірлеңін;

2) лейшманиоз ошактарында кешенді тексерулер ұйымдастырысын және санитарлық-індеге қарсы (алдын-алу) іс-шараларын өткізсін;

3) эндемиялық аумактарда елді мекендерді аудандарға бөлу арқылы лейшманиоз ошақтарын үлгілеуді жүргізсін;

4) үлкен құмтышқан мен үнсіз масалармен күресу жөніндегі іс-шаралар мен энтомологиялық-зоологиялық мониторингін ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (А.А.Белоног) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Үйымдастыру-қықықтық жұмыс департаменті (Ж.М. Мұхаметжанов) бұқаралық ақпарат қуралдарында осы бүйректың ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі К.Т. Омаровқа жүктелсін.

9. Осы бүйрек ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Міністр дін міндетін

атқарушы

Қазақстан

Республикасы

Денсаулық

с а к т а в

Министрі

Міндетін

а т к а р у ш ы н ы

2007

ЖЫЛЁНЫ

16

карашадағы

N 671 буйрығымен бекітілген

"Лейшманиоздың алдын алу жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары 1. Жалпы ережелер

1. «Лейшманиоздың алдын алу жөніндегі санитарлық-індектке қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары (бұдан әрі - санитарлық ереже) лейшманиоздарды болдырмауға бағытталған кешенді санитарлық-індектке қарсы (алдын алу) іс-шараларын анықтайды.

2. Осы санитарлық ереже жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде орындалуы тиіс.

3. Осы санитарлық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) лейшманиоздар (висцеральды және тері зоонозды) - адамдар мен жануарлардың табиғи ошақтық трансмиссиялық паразитарлы ауруы;

2) *Leishmania* тектес қарапайымдылар - лейшманиоздардың қоздырғыштары;

3) *Rhlebotomus* тектес үнсіз масалар (қосқанатты қансорғыш жәндіктер) - лейшманиоздарды тасымалдаушы;

4) *Rhombotomus opimus* үлкен құмтышқан - лейшманийдың табиғи ошақтардағы негізгі таратушы.

2. Емдеу - профилактикалық іс-шаралары

4. Тері лейшманиозы жағдайында емдеу-профилактикалық іс-шараларын ұйымдастыру-әдістемелеу басшылғын және оны мүдделі ұйымдармен басқаруды тері-венерологиялық диспансерлері, емдеу-профилактикалық ұйымдардың тиісті бөлімшелері; висцеральды лейшманиоз жағдайында - аурухананың жұқпалы аурулар бөлімшесі және емханалардағы тиісті кабинеттері жүзеге асырады. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарымен және басқа да мүдделі ведомстволармен бірге жұмыстар жүргізуі тиіс.

5. Лейшманиоздың барлық жағдайлары медициналық ұйымдарда және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарында міндетті түрде есепке алуға жатады.

6. Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 2412 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы халқының арасындағы жұқпалы және паразиттік ауруларды тіркеу мен есепке алу ережесін және Қазақстан Республикасындағы тіркеу мен есепке алуға жататын халқының арасындағы

жұқпалы және паразиттік ауруларының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 26 маусымдағы N 479 бұйрығына сәйкес медицина үйымдары лейшманиоз жағдайына және осы ауруға құдіктілер болғанда мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметі органдарына белгіленген тәртіппен жедел хабарлама беруі тиіс. V095908

7. Лейшманиозben ауыратындарды анықтауды медициналық көмекке жүргіну кезінде медициналық үйымдар, эпидемияологиялық көрсеткіш жағдайында аулаларды аралау, егістік қостарға бару арқылы жүзеге асыруы тиіс.

8. Эндемиялық аймақтарда жүйелі түрде отбасылық тізім негізінде шілде айынан қазан айы аяқталғанша аптасына кем дегенде 2 рет және қараша-желтоқсан айларында айына бір рет аралап тұруы керек.

9. Барлық лейшманиозben ауырғандар стационарлық жағдайда емделуі тиіс. Лейшманиоздың терідегі түрімен ауырғандар терівенерологиялық стационарларында, ал висцеральды түрдегі - жұқпалы аурулар ауруханасында емделуі тиіс.

10. Клиникалық диагноз зертханалы құпталады. Висцеральды лейшманиоз жағдайында сүйек миының пунктатын немесе Романовский әдісімен боялған лимфоузелді микроскоппен қарайды, тері лейшманиозында жарылмаған тәмпешіктен немесе жараның шеткі инфильтратынан материал алынады. Диагностикалаудың қосымша әдісі комплементке байланыстыру реакциясы болып табылады.

11. Лейшманиоздың теріде кездескен түрімен ауырғандарды диспансерлік бақылау - 1 жыл бойы, ал висцериальды - 2 жыл бойы жүргізіледі. Лейшманиозben ауырғандарды медициналық тексеру жиілігі және зертханалық тексерісті тағайындау ауырған адамның жағдайына байланысты дәрігермен белгіленеді.

3. Санитарлық-індектке қарсы (алдын алу) іс-шаралары

12. Лейшманиоздың табиғи ошақтары аумағында санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары төмендегідей іс-шараларды :

1) лейшманиоз жұқтырған адамдар тіркелген жағдайда санитарлық-індектке қарсы (алдын алу) іс-шараларды уақтылы үйымдастыруын мен жүргізуін;

2) паразитологпен (эпидемиолог) және энтомологпен (эпидемиологтың көмекшісімен) лейшманиоз ошағында эпидемиологиялық тексеру жүргізуін, "Жұқпалы ауру ошағын эпидемиологиялық тексеру картасына" (N 328/у нысан) эпидемиологиялық тексерістің қорытындысы енүін;

3) медициналық ұйымдардың жедел хабарламаны уақытында және толық беруін, емдеу-диагностикалық іс-шаралардың орындалуын, ауырып тұрған адамдарды диспансерлік байқауға алуын;

4) табиғи ошақтары аумағында иррагациялық жүйесінің құрылышын жобалауға, жүргізуге, пайдалануға және жаңа жерлерді игеруге ағымдағы және ескертпе мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауын;

5) лейшманиоздың табиғи ошақтары аумағында елді мекендерді тазалау коммунальды қызметтің жұмысын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау тиімділігін күшетуін;

6) бос жерлерді игерудегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау кезінде лейшманиоз бойынша эпизоотиялық-эпидемиологиялық ахуалға болжам жасауын және бағалауын;

7) лейшманиоздың эпидемиялық жағынан белсенді аумақтарына жұмысы байланысты қауіпті топтардың арасында (геологтар, археологтар, құрылышшылар, кезеңдік және вахталық жұмысшылар, қойшылар және олардың отбасы мүшелері) алдын алу іс-шараларды ұйымдастыруын;

8) лейшманиоздың табиғи ошақтары аумағында орналасқан барлық елді мекендердің аумақтарына, мал қораларына, мал шаруашылығының үй-жайларына санитарлық тазалау және көркейту жұмыстарының жүргізілуін;

9) лейшманиоз бойынша эндемиялық табиғи ошағы аумағында тұрғындар, репелленттермен, пологтармен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуін;

10) үнсіз масалардың тектес құрамын зерделеу, табиғаттағы және елді мекендердегі олардың маусымдық санын, басым келетін тұрлерінің фенологиясын, антропофильді тұрлерінің болуын, олардың биологиялық ерекшеліктерін бақылауын;

11) үнсіз масаларға қарсы олардың ұрық тастаған орындарында және үй-жайларда жүргізілген өндеуді жүргізуін және ұйымдастыруын бақылау; үнсіз масалармен қурес жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ветеринарлық препараттардың мемлекеттік тізімінде тіркелген инсектицидтік заттар пайдаланылуын;

12) лейшманиозға қарсы жүргізілген іс-шаралардың тиімділігін бақылауын және бағалауын жүзеге асыруы тиіс.